

Тілешов Ербол Ердембекұлы.

«Руханият» орталығының директоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Ұлттық жазба әдебиетіміздің алғашқы кезеңі

Жазба әдебиеттің тууы, қалыптасуы, дамуы – ұлт руханиятындағы айрықша құбылыс, сөз өнеріндегі жаңа бетбұрыс. Сондықтан да осы үдерістің себеп-салдарларын саралау, оларға әдеби-тарихи һәм теориялық ғылыми баға беру басты әрі аса өзекті мәселе деп ойлаймыз. Біздің әдебиеттануымызда осы көкейкесті тақырыптың өзіндік өрісті боларлық, бірақ ескерілмей жүрген ғылыми дәстүрлері баршылық.

Кез келген ұлт тарихи дамуының әйтеуір бір белесінде өзінің рухани өрістеу жолдарын шолады, бағалайды. Біздің халқымыз үшін осындай безбендеу кезеңі – XX ғасырдың алғашқы ширегі болды. Осы кезеңде қауым болып қалыптасқан ұлт зиялылары халқымыздың өткені мен бүгініне көз салып, болашақ қамын ойлай бастады. Рухани әлемімізде Ахан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған білімді, білікті, өз тағдырларын ел тағдырымен берік байланыстырған ұлы шоғыр қазақтың ғылымын, оқу-білім жүйесін, қоғамдық ой-санасын, баспасөзін, саяси бағытын қалыптастыра бастады. Осы шоғырдың белортасында жүрген М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Қ.Кемеңгерұлы, М.Әуезов, С.Сәдуақасұлы тағы да басқа қаламгерлер осыдан бір жарым-екі ғасырдай бұрын алғашқы белгілері көріне бастаған, Абай заманында жаңа сапалық деңгейге көтерілген жазба әдебиетті қай жағынан болса да толық қалыптастырып, оның даму бағытын айқындады. Сонымен бірге олардың көпшілігі қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірді, оның әдеби сын, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы сияқты салаларының аяқтануына зор үлес қосты. Жазба әдебиетінің бастаулары жөнінде де ең алғаш пікір айтқан Алаштың осы зиялы өкілдері еді.

Қазақтың төл жазба әдебиетінің қашан және кімдерден басталатындығы жөніндегі әңгіме сонау 1920 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуезов еңбектерінен басталып, 1930 жылдары Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқановтардан жалғасын тауып, одан кейінгі кезеңдерде Бейсенбай Кенжебаев, Қажым Жұмалиев, Әуелбек Қоңыратбаев, Мәлік Ғабдуллин тараптарынан айтылған-ды. Бұл мәселеге Ісмет Кеңесбаев, Құлмат Өмірәлиев, Рәбиға Сыздық сияқты тілші-ғалымдардың үн қосқаны да белгілі. Дегенмен, бұл айтулы мәселенің қазіргі кезде назардан тыс қалыңқырап жатқан жағдайы бар. Біз бұны уақытша жағдай ретінде ғана бағалаймыз.

Әдебиет тарихына катысты келелі мәселелерді 1920 жылдары жүйелі түрде алғаш көтерген Мұхтар Әуезов болғаны белгілі. Айталық, оның 1922 жылы жазылған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты «тарихи-әдеби сын» мақаласында әдебиет тарихының бірқатар мәселелері айтылған болатын. Солардың ішінде біз үшін маңыздысы – оның қазақтың жазба әдебиеті қашан және кімдерден басталатындығы жөніндегі пікірі. Автордың: *«Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінен қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен адасқандық болады. Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды»* - деген пікірінің маңызы айрықша. /1, 79/. Оның бұл ойынан кем дегенде үш нәрсені аңғаруға болады. **Біріншіден**, жазба әдебиетіміз Абайдан бұрынғы дәуірде басталған; **екіншіден**, нағыз көркем әдебиет талабына жауап беретін туындылар ең алғаш Абай шығармашылығында көрінген; **үшіншіден**, жазба әдебиетінің бастапқы дәуіріне айтыс өлеңдерді енгізу қажет. Енді қаламгер-ғалымның осы

пікірлерін дәйектейік. Мұхқаң жазба әдебиеті Абайдан бұрын басталады дегенде, жазба әдебиеттің қоғамдағы қызметіне, әлеуметтік мазмұнына айрықша мән бергенін аңғарамыз. Оған осы еңбектегі: *«...ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі, бұлардың өлеңінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен жесілігінен басқа, тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңбері ішіне кіре бастады»* - деген ойы дәлел /1, 82/. Яғни, автордың ойынша «жазба әдебиеті» деген ұғымға «елдің күндегі өмірінің» әдеби шығармаға арқау болуы («әдебиет шеңбері ішіне») енеді. Автордың жазба әдебиеті жөніндегі осы негізгі ұстанымы бұл еңбектің бірнеше жерінде айтылады. Мәселен, жоғардағы пікірлерін жалғастыра келіп: *«...жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады»* - дейді /1, 80/. Яғни, Әуезов ұғымынша әдебиеттің жазбалық сипатқа ие болуы тұрмысты мейлінше кең қамтуымен байланысты, сондықтан да ол жазба әдебиетінің бастауындағы тұлғалар жөнінде: *«...Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп, әм Нарманбеттерді алу керек. Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жасы кем болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгіні, сарынды еске алу керек»* - деп жазады /1, 80/. Ол Шортанбай Қанайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Нарманбет Орманбетұлы шығармаларындағы ел жағдайы, халық тұрмысы суреттелген тұстарды айта келіп, олардың жазба әдебиетінің басы болатындығын дәлелдейді. М.Әуезов үшін халық өмірінің, ел тұрмысының жан жақты суреттелуі – жазба әдебиетін танытатын алғашқы белгі, бірінші себеп. Шығарманың хатқа түсіп, яғни жазып шығарылуын Мұхқаң жазба әдебиетінің бірден-бір белгісі ретінде танымағаны, оның «Зар заман ақындары» еңбегінен байқалады. Ол жөнінде өзі: *«Тарихшылардың көбі жазба әдебиет деп жазу кірген соң шыққан әдебиетті айтады, әйтпесе жалғыз ақынның жазып шыққан өлеңін айтады. Елдің әдебиетін ауызша мен жазбаға айыру үшін қолданылатын ең оңай, ең сыртқы белгі осы»* - дей келеді де, жазба әдебиеттің пайда болуын сөз өнерінің әлеуметшілдігімен байланыстырып: *«...алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады деп есептеу керек. Ауызша мен жазба әдебиеттің арасын бөлетін белес, кезең осы»* - дейді /1, 194-195/. Автордың өз шығармасын хатқа түсіруі жазба әдеби тілдің басты белгісі емес екендігін қазіргі ғалымдар да айтып жүр. Мәселен, бұл орайда Рабиға Сыздық: *«... жазу – жазба әдеби тілді сипаттайтын ролі айрықша зор белгілердің бірі ғана, әдеби тілдің ең негізгі «жазбалық» қасиетін тереңіректен: тілдің әлеуметтік қызметінің өрісінен, әдебиет түрлерінің көбеюінен, тіл заңдылықтарын пайдалану принциптерінің өзгеруінен, тілдік тұлға-тәсілдердің реттеліп, нормалану жүйесінен т.б. іздеу керек болады»* дегенін айта кеткеніміз жөн /2, 269/. Ғалымның бұл ойынан жоғарыда келтірілген Мұхтар Әуезов пікіріне үндестікті байқаймыз. Дегенмен, зерттеуші бұл арада «тілдің әлеуметтік қызметінің өрісімен» бірге жазба әдеби тілді сипаттайтын тағы да бірнеше ерекшеліктерді атап өтеді. Осы тұста толықтыра түсетін бір жайтты айта кеткеніміз жөн. Ол Әуезовтың ілгерідегі: *«Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те...»* деген пікірінен оның жазба әдебиеттің тууы мен қалыптасуындағы діни әдебиеттің орнын мүлдем жоққа шығармайтындығын да байқаймыз. Оны Мұхқаңның Шортанбайға байланысты айтқан пікірлерінен де аңғарамыз.

Қазақтың жазба әдебиетінің туу себептерін шынайы көрсеткен алғашқы еңбектердің қатарында Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» атаймыз. Ахқаңның бұл еңбегі әдебиет тарихына емес, теориялық мәселелерге арналғандықтан, автор әдебиеттің даму, өрістеу жолдарына кеңірек тоқтала бермеген. Баршаға таныс бұл еңбегінде ол әдебиеттің басты дәуірлерін атап, сол дәуірлердегі жанрлық жүйеге көбірек көңіл бөледі. Сондықтан да автор әдебиет тарихын өзінің басты мақсатының аясында ғана сөз еткені байқалады. «Әдебиет танытқыштың» «Жазу әдебиеті» бөлімінде Ахқаң: *«Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты – дінді жасау, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас*

мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді. 1. Діндар дәуір. 2. Ділмар дәуір. Діндар – дінишіл деген мағынада, ділмар – тілшең деген мағынадағы сөздер» - дейді / 3, 236/. Бұдан байқайтынымыз: автор жазба әдебиетінің алғашқы кезеңін дінмен байланыстырып, оның «Діндар дәуір» деп атайды. Тұтас кезеңге Ахаңның осылайша атау беруі тегіннен тегін болмаса керек. Рухани құбылыс болсын, материалдық заттар болсын қай қайсысы да ең алдымен қажеттіліктен туатындығы белгілі. Жалпы көркемөнердің, оның ішінде, сөз өнерінің бастапқыда белгілі бір өмірлік қажеттіліктен туғандығын ескерсек, онда жазба әдебиетінің де осындай қолданбалы сипаттан барып өрістегендігін аңғарамыз. Ол жөнінде ең алғаш пікір айтқан да Ахаң болды. Ол: «Жазу әдебиет деп жазылған шығармаларды айтамыз. Жазылған шығармалар қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шыққан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген» - деп жазады / 3, 261/. Ислам дінінің қазақ даласына келуі Аллаға деген сеніммен бірге, жазу мәдениетін де алып келді. Алланың ілімін халыққа түсіндіру, шариғат жолын көпшілікке ұғындыру – әлеуметтің сауаттылығын қажет етті. Сол себепті де діни сауатты болу қазақ сахарасында дәстүрге айнала бастады. Қазақ сахарасында бастапқыда қожа-молдалар ғана хат таныса, кейінірек олардан оқып шыққандар да осы санатқа қосылып, оқып-жаза алатындардың саны жылдан-жылға көбейе түсті. Сөйтіп, қазақ даласында оқу-жазу мәселесі қажеттілікке айналды. Бұл дәстүр өз кезегінде көркем әдебиеттің жазбаша сипатқа айналуына игі ықпал етті. Сауатты адамдардың саны көбейген сайын жазба әдебиеті қажеттілікке айналып, бірте-бірте жазба әдебиет өкілдерінің де қатары толыға бастады. XIX ғасырдың I жартысында жазба әдебиет өкілдері саусақпен санарлық болса, Абай заманында еселене түсті, ал XX ғасырдың басында олардың саны тіпті көбейді. Жазба үлгідегі қазақ баспасөзінің тууы да осындай заманауи қажеттіліктен туған құбылыс еді.

Жазба әдеби ортаның қалыптаса бастауы, – көркем шығарма стилінің жетілуіне, жаңа жанрлардың тууына ықпал ететіндігі белгілі. Ауызша дамыған әдебиет стилі, оның жанрлары жазба әдебиетінің бастапқы дәуірінде өзінің бұрынғы болмысын сақтай отырып көрінгенімен, яғни алғашқыда ауызша мен жазбаша стильдің аражігі айқын ажыратылмағанымен жазба мәдениетінің одан сайын тереңдеуі – ендігі жерде жазба әдебиеттің өзіндік пішінін қалыптастыра бастады. Бұл көркем пішін шығарма композициясынан, стилінен және жанрынан көрінді де, жаңа жазба дәстүрдің қалыптасқандығын байқатты. Қазақ жазба әдебиетінің алғашқы кезеңі XIX ғасырдың I жартысы дейтін болсақ, онда осы кезеңде туған жазба әдебиет үлгілері ауызша әдебиет стилінің ауқымында туды. Жаңаның пайда болуы бұрынғы бардың қойнауында дүниеге келеді дейтін диалектиканың заңдылығын сүйенсек, онда жаңа жазбаша әдебиет нұсқаларының бұрыннан бар, дайын ауызша әдебиеттің стилінде, тіпті қалпында, яғни жанрында пайда болғандығын көреміз. Оның нағыз, шынайы жаңа болуы, өзіндік болмысын жасауы бірте-бірте болатын үдеріс. Бұл үдерістің жарқын көрінісі – Абай поэзиясы. Сондықтан да біз кейде Абайды жазба әдебиетінің басы деп қалатынымыз да бар. Өйткені жазба әдебиетінің көзге бірден шалынар кесек туындысы, жарқырап көз тартар алғашқы жауһары, ой мен сезімді бірден баурап биігі – Абай мұрасы. Ал, Абайдан кейінгі кезеңде жазба әдебиет стилі тарамдалып, жаңа түрлер пайда бола бастады. Көркем прозаның тууы мен қалыптасуы, драма жанрындағы алғашқы ізденістер жазба әдебиеттің өрісін кеңейтумен бірге оның мәдени деңгейін де арттырып, соны стиль, тың тілдік тәжірибелерді өмірге әкелді. Сөйтіп, толғау жанрының бесігінде туған, тұсауын поэзия кескен жазба әдебиет Алаш кезеңінде әдебиеттің басты үш тегінің де отауын қатар тікті. Сонау жыраулар поэзиясынан бері жетекшілік орында келе жатқан поэзия, – бұдан былай өмірді қамту, бейнелеу мүмкіндігі мейлінше кең әрі әмбебеп прозаға, эпикалық жанрларға орын бере бастады.

Қазақ арасына жазудың келуі дінмен байланысты екендігі, ислам дінінің ұлттық жазба әдебиетіміздің тууына ұйтқы болғандығы Ахаңның замандастары тарапынан да айтылған. Жазба әдебиетіміздің тууына діни әдебиеттің, жалпы ислам дінінің тікелей

ықпал еткені жөнінде Сәкен Сейфуллин: *«Қазаққа хат үйреткен – Мұхаммет дінишілері, шеттен келген мұсылман сәудегерлер, ноғай молдалар, шиандар. Сондықтан қазақтың көркем жазба әдебиеті туғанда, нұсқасы сол үйретушілеріне таратушы молдалардан, шиандардан тараған «Сопы Алдияр», «Сыпатил гаджизин», «Іікмат» тәрізді өлең, жыр кітаптар барлық қазақ ауылдарында әптіектен соң оқылатын «үлгі», «ғыбрат» кітаптары болды»* - деп жазған болатын /4, 201/. Жазба әдебиетіміздің дінмен байланысты туғандығы жөнінде Халел Досмұхамедұлы да айтады. 1928 жылы «Казахская народная литература. Краткий очерк» деген еңбегінде ол: *«Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманиша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және гибраттық түрлерінен іздеу қажет»*- деп жазады /5, 33/. Халелдің осы пікірін негізге алып, жазба әдебиетіміздің бастау көздерін қарастырғанда олардың түрлеріне, яғни жанрларына мән беруіміз қажет. Өйткені, әрбір шығарма өзінің мақсатына және айтылуына қарай өзінше түр табатыны белгілі. Сондықтан бұл арада біз А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» жанрлық жіктелістерге назар аударамыз. Ахмет Байтұрсынұлы жазба әдебиеттің бастапқы кезеңін «Діндар дәуір» деп атай келе, оның жанрлық жүйесіне мейлінше жан жақты сипаттама береді. Автор: *«Діндар жағының басымдылығымен айрылатын түрлері мынау: қисса, хикаят (мысал), насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме»* дейді де, осы айтылған әрбір жанрға сипаттама береді /3, 263-264 /. Оларды тұжырымдап айтсақ, онда «қисса – өлеңмен жазылған көбінесе діндар әңгімелер». Ол мазмұнына қарай екіге бөлінеді. Хикаят – өнеге түрінде айтылатын әңгімелер, насихат – үгіт мазмұнындағы шығармалар, мінажат – Аллаға жалбарыну мазмұнындағы сөздер, мақтау – діни мазмұндағы біреуге мадақ айтылатын шығармалар, даттау – біреудің мінін айтқан көркем дүниелер, айтыс – діни айтыстар, толғау – діни мазмұндағы толғаулар, терме – діни мазмұндағы термелер. Аңғарып отырғанымыздай, автор діндар дәуірдің жанрлық жүйесін жасауда ауыз әдебиетінің терминологиясына сүйенгені байқалып тұр. Дегенмен, Ахаң жазба әдебиетіндегі діни ағымның, қазіргі терминология бойынша діни-ағартушылық ағымның басты жанрларын айқындап берген. Бұл мәселе оқымыстының өз кезеңі үшін үлкен жаңалық болуымен бірге жазба әдебиеті, діни-ағартушылық ағым жөнінде, сондай-ақ, жалпы алғанда әдебиет теориясындағы жанрлар жөніндегі ілімде ескерілетін мәнді мәселе.

Әдебиетіміздегі діни-ағартушылық ағым бірқатар жанрларды қалыптастырумен бірге, жазба әдеби тілдің де өрістеуіне ықпал етті. Бүгіндері төл сөзіміздей болып кеткен араб, парсы сөздері сол кезеңде көркем әдебиет тілінен өзіндік орын ала бастады. Алғашқыда бұл сөздердің көбісі жалпы халыққа түсініксіз, тілімізді шұбарлағандай көрінгені рас. Алайда, уақыт өте келе көркем сөз иелерінің шеберлігі, оларды жиі қолдану арқасында, сонысымен көркем мәтінге еркін енуінің барысында бұл сөздер көркем әдебиет стилистикасына табиғи бітісіп кетті. Шортанбай, Мәделіқожа, Ақмолда, Майлықожа, Әбубәкір, Мәшһүр-Жүсіп, Бұдабай шығармаларында қолданылған мұндай сөздер кейінірек Абай, Шәңгерей, Шәкәрім, Нарманбет, Ғұмар одан бертінде Міржақып, Сұлтанмахмұт тағы да басқалардың шығармаларында кеңінен қолданылып, әдеби тілдің нормасына енді. Сөйтіп, қазіргі әдеби тіліміздің, оның ішінде, көркем әдебиет тілінің арналы қабатын құрап жүргендігі белгілі.

Діннің пайда болуы адамзат қоғамында жазу ісінің жандануына алып келді. Қазақ даласына мұсылман дінінің таралуы бастапқыда араб елдерінен діни кітаптардың келуіне жол ашса, сол кітаптарды түсіну үшін оқу, жазу жұмыстары тарала бастағандығын жақсы білеміз. Әсіресе, XIX ғасырдың I жартысында қазақ арасына араб жазуы тарала бастағаны да белгілі. Осы кезең жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы: *«Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөз шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған. Қазақ ішінде олар көп тұрып, қазақтың тілін, мінезін жақсы білген. Қазақтың өлеңді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая,*

өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» - деп жазады /3, 261/. Халықтың сауаттануы, бірқатар ақындардың жазуды меңгеруі – XIX ғасырдың I жартысында шығармаларын жазу арқылы шығаратын алғашқы ақындардың пайда болуына алып келді. Сондай-ақ, жазба әдебиетінің тууына осы кезеңнен бастап қазақ даласына таза діни мазмұндағы кітаптармен бірге қиссалардың кітап күйінде таралуы да ықпал етті деп ойлаймыз. Қазан гимназиясының баспаханасынан 1807 жылы жарық көрген қазақ тіліндегі тұңғыш кітап – «Сейфүлмәліктің» де осындай туынды болуы да кездейсоқ емес. Әрине, бұл кітаптардың тілінде араб, парсы тілінің сөздері көп болды, осы тілдердің лексика-грамматикалық заңдылықтары көбірек сақталды. Дегенмен, ең бастысы - «Сейфүлмәлік», одан кейін шыққан «Иғлан наме», «Қисса-и Шәкір-Шәкірат падишаһ һашим балалары», «Атымтай Жомарт», «Мансур-ул-хәллаж» кітаптары – араб графикасындағы қазақ тіліндегі алғашқы кітаптар болатын. Сондай-ақ, осы кезеңде туған қазақ тіліндегі ресми құжаттар да ел арасына жазудың таралуына игі ықпал етті. Араб графикасындағы әліпбидің жазба әдебиетіміздің тууы мен қалыптасуына зор үлес қосқанын айрықша атаймыз.

Ұлттық жазба әдебиетіміздің тууы дінмен байланысты болған десек, онда оның алғашқы кезеңіндегі өкілдері діни сауатты, сонымен бірге шығармаларына діни мазмұн арқау болған ақындар болуы тиіс еді. Осы қисынды тұжырыммен келгенде, шындығында да, жазба әдебиетіміздің ізашар шығармашылық иелері діни бағыттағы, нақтырақ айтсақ, діни-ағартушылық бағыттағы ақындар болғанын аңғарамыз. XIX ғасырдың бірінші жартысында шығармаларын ауызша да, жазбаша да шығарған ақындар қатарында Шортанбай Қанайұлын, Дулат Бабатайұлын, Мәделі Жүсіпқожаұлын, Ақмолла Мұхамедиярұлын атаймыз. Бұл ақындардың өз шығармаларын жазып шығарғаны жөнінде мәліметтер баршылық. Айталық, Дулат жөнінде: *«Дулат қаламды қолға алып, сөзін жазып шығарып, өлең сөздегі осы формашылдық дәуірді бастады»* делінсе /6, 85/, Мәделі Жүсіпқожаұлы жөнінде: *«Ескіше хат таныған, өлең-жырды жазып та, ауызша да айтып шығарған»* - деген дерек болса /7, 390/, Ақмолланың өзі бір өлеңінде: *«Қазаққа өлең жаздым ашық қылып»*, деп жазғаны белгілі /7, 180/. Ал, Шортанбай Қанайұлының жазуға сауатты болғаны күмән тудырмайтын, бұрыннан белгілі ақиқат. Міне, осы деректер жазба әдебиетіміздің XIX ғасырдың I жартысынан басталғандығын айғақтайды. Сонымен бірге осы аталған ақындардың алдындағы әдеби кезеңде де кейбір шығармалардың жазылып шығарылғанын мүлдем жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе, Шал ақын шығармашылығына байланысты еңбектерде және ақынның өз өлеңдерінде оның өз шығармаларын жазып шығарғаны жөнінде деректер баршылық. Бұл жөнінде ақын-жыраулар мұрасының білгір зерттеушісі Мұхтар Мағауин: *«... қазақтың ескі жырларын, мәселен, Шалкиіздің шығармаларын тексеріп қарағанда, кейде олардың біздің заманымызға тек ауыздан-ауызға өту арқылы ғана туғандығына күмән туады»* - дей келе, тарихшы Рузбеханның: *«Қазақтардың ханы да, қарасы да өздерін мұсылман санайды, құран оқиды, құдайға құлшылық етіп, ораза-намаз ұстайды, балаларын мектепке береді»* - деп жазғанын келтіреді де, *«шығармалардың сол кездің өзінде-ақ қағаз бетіне түсірілгендігіне күмән жоқ»* - дейді / 8, 181/. Ал, ақынның: *«Дария – сия болса, қамыс – қалам, Жер жүзі қағаз болса, рахаттанам»*; *«Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам»* деп жазуы /9, 24,33 /оның өз шығармаларын жазбаша шығарғанына әрі жазба мәдениетті жоғары бағалағандығына мысал бола алады. Мұнда біз жазба әдебиетінің тарихы Шалкиіз жырау шығармашылық еткен XVIII ғасырдан немесе одан арғы ғасырлардан басталады деп отырғанымыз жоқ, мәселе ол ғасырларда да жазылып дүниеге келген көркем туындылардың болу мүмкіндігін айту ғана.

XIX ғасырдың I жартысында дүниеге келген жазба әдебиет үлгілері өзінің стилі жағынан әлі де ауызша әдебиетке жақын болатын. Бұл ескі мен жаңаның арасында бола беретін, тіпті болуға тиісті дәстүр мен жаңашылдықтың ортасындағы табиғи құбылыс. Сондықтан біз жазба әдебиетінің бастапқы дәуірінде туған шығармаларға бүгінгі көркем әдебиетке тән жоғары талаптарымызды қоя алмаймыз. Жаңаның өзі бұрынғы бардың

бауырынан жаратылып, бірте-бірте уақыт өте келе өзіндік болмысын қалыптастыратындығын, содан кейін ғана барып жаңашыл дәстүр жасалатындығын, тарихи-әдеби үдерісте эволюциялық жолмен ғана жетекшілік орынға ие болып, соған орай, өзіндік әдеби дәуір қалыптасатындығын қаперде ұстағанымыз абзал. Кейде осындай диалектикалық бірлікті ескермегендіктен де біздің әдебиеттану ғылымымызда жазба әдебиетінің басталу дәуірі жөнінде дерексіз, ғылыми дәлелсіз ойлар айтылып қалып жатады.

Біздің заманымызға жетпегені болмаса, аталған ақындардан басқа тағы да бірқатар ақындар өз шығармаларын жазбаша түрде тудыруы әбден мүмкін. Біз бұл арада ондай мүмкіндікке де орын беруге тиісті сияқтымыз. Өйткені, олардың айтып немесе жазып қалдырғаны туралы нақты деректер тұрмақ, көрнекті ақын-жыраулардың бізге жеткен, қазіргі жинақтарға еніп жүрген шығармалары сол шығармашылық иелерінің толық дүниелері емес екендігі белгілі. Сондықтан біз ХІХ ғасырдың І жартысында, тіпті, оның алдындағы ғасырларда өлең-толғауларын жазып шығаратын ақын-жыраулардың біз білетіннен едәуір көп болатындығына шүбә келтірмегеніміз абзал. Осы кезеңдегі сөз өнері иелерінің сандық шамасы жөнінде М.Әуезов: *«ХҮІІІ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезіне дейін қазақ ақындарының жалпы саны 140, бұған таза айтыс ақындары кірмейді»* - деп жазған болатын /10, 470/. Ал, Ә.Дербісәлин: *«Біздің қазір осы кезең бойына білетін ақындарымыздың саны әрі кеткенде 60-70-тен аспайды. Бұл – бізге ең көп жеткен, әдебиетіміздің ең дамыған тұсы деп жүрген ХІХ ғасыр поэзиясының өзі бастапқы мол қалпында толық сақталған жоқ, ал бізге жеткені бір кездегі үлкен поэзияның белгілі бір бөлігі деген сөз»* - деп жазады /11, 4/. Аталған кезеңнен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға, хрестоматияларға, әртүрлі жинақтарға еніп жүргені 40-50 ақынның мұралары ғана. Сондықтан біз жазба әдебиетінің қалыптасу кезеңінде шығармашылық еткен ақындардан өзге де шығармашылық иелерінің болғандығын сеніммен айта аламыз. Тіпті, сол оқулықтар мен хрестоматияларға мұралары еніп жүрген ақын-жыраулардың шығармалары да бізге толық жетпегені белгілі. Айталық, ХҮІІ ғасырдағы ең белгілі деген Жиенбет жыраудың біздің заманымызға дейін 4-5 толғауы ғана жетсе, Марғасқа жыраудың бір ғана толғауының жұрнағы бүгінге жетіп отыр. Ал, Ақтамберді сияқты ұлы жыраудың біздің заманымызға жеткені – 8-9 толғауы ғана, олардың өзінің толық мәтіні сақталмаған, тіпті, өмірі мен шығармашылығы басқа жырауларға қарағанда, ең көп зерттелген, бір кездегі оқулықтарымызда төл әдебиетіміздің басы болып келген ең ұлы жырау, ғасырға жуық өмір сүрген абыз Бұқар жырау Қалқаманұлының бізге жеткен барлық толғауларының өзі жұқа кітапшаға ғана сиып кететін дүниелерді құрайтыны белгілі. Ал, қазақтың ақын-жырауларының көл-көсір мұра тудырғаны жөнінде мәліметтер жеткілікті.

Жазба әдебиетінің тууы мен қалыптасуы турасында, негізінен алғанда, үш түрлі пікірдің қалыптасқандығын байқаймыз. Бірқатар ой-пікірлерде жазба әдебиетінің тууы шығарманың тікелей хатқа түсуімен, яғни автордың өз шығармасын жазып шығаруымен байланыстырылады. Бұл пікірді қуаттаушылар жазба әдебиеттің өмірге келуін дінмен байланыстырады. Осындай пікір айтушы топқа А.Байтұрсынұлы /3/, Х.Досмұхамедұлы /5/, С.Сейфуллиндермен /4/ бірге академик Қ.Жұмалиев те /12/ енеді. Ал, жазба әдебиетінің тууын ондағы әлеуметтік мазмұнның тереңдеуімен түсіндіретін топқа М.Әуезовтен бастап, С.Қирабаев пен Н.Келімбетовтың /13/, ішінара Р.Сыздықтың /14/ пікірлері енеді. Ал, Қ.Өмірәлиев /6/, Р.Сыздық /2/ жазба әдебиеттің тууын жазба стильдің қалыптасуымен байланыстырады. Біз осы тұжырымдарды жазба әдебиеттің тууындағы негізгі критерилер ретінде алғанымыз абзал. Сөйтіп, қазіргі кезде осы критерилердің және басқа да ықпал етуші факторлардың ғылыми негіздемелерін даярлап, оларды әдебиеттің тарихы тұрғысынан әрі теориялық тұрғыдан бекітіп алғанымыз жөн. Осылай еткенімізде ғана әдебиет тарихын зерттеуге қатысты әдіснама қалыптасып, оның ғылыми-теориялық тұжырымдары әдебиет тарихы саласындағы зерттеулерімізге негіз болары сөзсіз.

Әдеби дамудың төл табиғатын саралағанда және жазба әдебиеті жөнінде бұрын-соңды айтылған пікірлерді жүйелеп келгенде мынадай тұжырымдар жасаймыз: **біріншіден**, қазақтың төл жазба әдебиеті XIX ғасырдың I жартысында туған; **екіншіден**, осы жазба әдебиеттің тууына ислам діні тікелей ықпал еткен; **үшіншіден**, ұлттық жазба әдебиетіміздің алғашқы үлгілері Шортанбай Қанайұлы, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Ақмолла Мұхамедиярұлы, Дулат Бабатайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы және тағы да басқа XIX ғасырдың I жартысында, ортасында шығармашылық еткен тұлғалардың туындыларынан байқалған; **төртіншіден**, Абай жазба әдебиетінің тууынан кейінгі қалыптасу кезеңінің, әрі классикалық көркем әдебиеттің басы; **бесіншіден**, жазба әдебиетінің туу және қалыптасу кезеңінде оның өзіндік жанрлары, стилі қалыптасты.

Әдебиеттер:

- 1.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
- 2.Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Сейфуллин С. Қазақтың көркем әдебиеті туралы. «Жұлдыз», №5, 2006.
- 5.Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
6. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы: Ғылым, 1983.
- 7.Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 2004.
8. Мағауин М. Қобыз сарыны. Он үш томдық. 8 т. – Алматы: Қағанат, 2002.
9. Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеу деректер. – Алматы: Арыс, 2003
10. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.
11. Дербісалин Ә. Өмір және поэзия // XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1985.
12. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967.
- 13.Н.Келімбетов, С.Қирабаев. Қазақ әдебиеті // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 т. – Алматы, 2003.
14. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004.

Резюме

В статье рассматривается начальный период зарождения казахской письменной литературы. Автор на богатом литературном материале научно обосновывает главные идейно-художественные предпосылки этого культурно-духовного явления.

Resume

The article studies the initial period of the origin of Kazakh written literature. Making use of a rich literary basis the author of the article scientifically substantiates the principal conceptual-imagery preconditions of this cultural and spiritual phenomenon.

Özet

Makalede Kazak milli yazılı edebiyatının meydana gelişinden söz edilir. Araştırmacı kaynaklara dayanarak milli edebiyatın manevi ve kültürel kökenini açıklamaya çalışmıştır.